

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша жиналысының

## Х А Т Т А М А С Ы

**Шиелі кенті**

**27 шілде 2021 жыл**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2021 жылдың І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

**Баяндамашы:** А. Сарсембаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

**Тыңдаудың төрағасы:** С.Нурумбетов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы. Ж. Сейтпенбетова
3. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжигитов
4. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.
5. Ғ. Қайырбекұлы - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.
6. Д. Аман - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы.
7. Ғ. Шалбаев - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшы міндетін атқарушы.
8. Т. Охап - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
9. Э. Жайсаңбаева - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
10. С. Абдраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.
11. Г. Сырымбетова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлім меңгерушісі.

**Хатшысы:** Г. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы

**Тұрғындар:** Шиелі кентінің тұрғындары- Ұ. Шымбергенова, М. Әлиев, Т. Қосжан, В. Цой, В. Савченко және Көкшоқы мөлтек ауданы тұрғындары мен елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы I-ші жарты жылдық реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы**).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиал директорының орынбасары - С.Нурмбетов тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылғы I -ші жарты жылдықта Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының **22** елді мекенінің - **14 842** үйін, Шиелі кенті бойынша - **6 283**, елді мекендер бойынша - **8 177**. Бюджеттік мекемелер саны - **110**, заңды тұлғалар саны - **272**. Оның ішінде - **13 725** тұтынушы су өлшеуіш құралымен, **735** тұтынушы су өлшеуіш құралынсыз және 2020 жылы жаңадан **1671** тұтынушы қосылды.

Аудан бойынша **27** насос станциясы, **23** дана су қыспақты мұнарасы, **148,35** шақырым бас су құбырлары, **363,4** шақырым ішкі су тарату желілері мен **7** дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - **7** елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытоғай, Тартоғай, Ботабай, Сұлутөбе, Бұланбай бауы бойынша барлық тұтынушылар саны - **6 893** тұтынушы, **1 253** абонент тасымал ауыз су мен көше суағарларына **222** абонент ауыз су тұтынады.

Ауыз су тұтынушыларды **24 сағат** ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекендердегі су мұнараларын түнгі мезгілге толтыру арқылы елді мекенге су беріледі.

Көкшоқы мөлтек ауданында оқшауланған **2** дана су ұңғымасынан ауыз су беріледі. № 1-2 ұңғымадан көтерме насос станциясына дейін - **2,5** км, соның ішінде **1** км ПЭ құбыры және **1,5** км темір құбыры d-159 мм жүргізілген. Ұңғымадан су қоймаға жиналатын **2** дана су қоймасы **2 x 250 м³** көтерме насос станциясында орналасқан.

Көкшоқы мөлтек ауданының жалпы ауыз су пайдаланушы абонент саны- **1 185**, халық саны- **3 411** адам, су желісінің ұзындығы - **19,2** км.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының 6 елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданның **22** елді мекендерге су жеткізіп отыр.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі ҚҚС-мен - **525,47 теңгені** құрайды, алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (**ҚҚС-мен - 30 теңгеден**) төлем жасалды. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленеді.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығына «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі өндірген – **1 414 642** текше метр, нақты таратылған ауыз су көлемі - **1 169 473** текше метр оның ішінде **830 632** текше метрі Жаңақорған ауданына тұтынушыларына **338 841** текше метр таратылған, нормадан тыс су шығыны **14%** құрап отыр.

Оқшау су жүйелері бойынша өндірген - **94 552** текше метрі тұтынушыларға таратылып, **27 183** текше метр нормативтен тыс ысырап - **8,71 %** пайызды құрайды.

Жалпы 2021 жылдың I-ші жарты жылдықта су жүйесінде орын алған **239** апаттық жағдай тіркелген. Апаттық жағдайға - **606 176,3** мың теңге қаражат жұмсалды.

Алдын-ала жөндеу жұмыстарына 2021 жылдың I-ші жарты жылдықта бөлімше бойынша қаралған - **112** нысанға - **1 221 342,41** мың теңге қаражат жұмсалды.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында, күзгі қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан - айына 1 рет, ұнғымалардан - тоқсанына 1 реттен анализдер алынады. 2021 жылдың I-ші жарты жылдықта СЭС лабораториясы тарапынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қодаманов, Бидайкөл, Н. Бекежанов, Байсын, Ы. Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Ә. Тәжібаев, Бәйгеқұм елді мекендерінде, яғни 11 ауылда 8 ай бойы «**Байпасный линия**» арқылы су ішуде.

Жаз айларында ауыз су тапшылығы болуына байланысты № 3 су көтеру насос станциясынан Шиелі кентіне баратын d-400 мм су құбырынан алынған Ақмая елді мекеніне баратын d-225 мм ПЭ құбырына, Шиелі кенті, Токтаров көшесіне баратын құбыр бойына, № 3 су көтеру насос станциясынан Бидайкөл елді мекені насос станциясындағы су қоймасына баратын d-140 мм ПЭ құбырына 1К-20-30 су тарату (**повыситель**) қондырғы насостары орнатылып, оң шешімі табылды.

Жаз айларында Бас су сағадан келетін су мөлшерінің жетіспеуіне байланысты Жөлек, Бәйгеқұм, Бала би елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мақсатында Жөлек елді мекенінде орналасқан № 1 ұнғымасын пайдаланып,

Жөлек Бәйгекүм, Бала би елді мекендеріндегі насос станцияларының су қоймаларына баратын магистральды су құбырына **1К100/65/200** маркалы су тарату (повыситель) қондырғы насосы орнатылып оң шешімі табылды.

Бидайкал, Қодаманов, Н. Бекежанов, Байсын, Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Тәжібаев, Бәйгекүм 11 елді мекен 8 ай бойы «**байпасный линия**» арқылы ауыз су ішеді.

Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі автокөліктер мен арнайы техникалардың саны - **16 дана**, олардың техникалық жағдайы жақсы, жарамды. 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында ГАЗ - 3307 автокөлігінің будкасы жөнделді. Қосалқы бөлшектерге - **169 535** теңге, жанар-жағар майға - **2 975 633** теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Көкшоқы елді мекендеріндегі АКСА маркалы дизельді электр генераторы тексеріліп, қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығында электр қондырғыларына жұмсалған электр тауарларының қаражаты - **524 642** теңгені құрап отыр. Бас су саға № 1 көтерме насос станциясына № 1,2,3,4,5,10,11-ші ұңғымаларға СУЗ шкаф қондырғылары орнатылды.

2021 жылдың I-ші жарты жылдықта әр ай сайын жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексеріліп, кемшіліктер қалпына келтірілді.

«ЖТСК» өндірістік бөлімшесі жұмысшы қызметкерлеріне айына бір рет оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіліп отырды. Жұмысшы-қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден уақытылы өтуі үнемі тексеріліп, насос станцияларының гигиеналық тазалықты сақтау, жұмыс орындарының тазалығын сақтау тексеріліп отырады. Кемшіліктерді қалпына келтіруге ауызша ескертулер беріліп орындалуы тексерілді. 2021 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша - **1 065 419** теңгеге түрлі жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары жұмысшыларға таратылып берілді.

Өндірістік бөлімшеде жұмысшы қызметкерлерге берілген жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары белгіленген норматив бойынша тозу мерзімі жеткен кезде есептен шығарылады. Мерзімі жетпей жұмыс ерекшелігіне байланысты жарамсыз болған жұмыс киімдеріне акт жасалып есептен шығарылды.

Сонымен қатар, апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 байланыс телефоны** арқылы хабарласуға болады.

Мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын **23** бақылаушы - инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

«**Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты**», «**Судың да сұрауы бар**» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтінеріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

**Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!**

### **Шығып сөйлегендер:**

М. Әлиев - Шиелі кенті, Тоқтаров көшесінің тұрғыны. **Жыл сайын жаз айларында Тоқтаров көшесінде ауыз су қысымы төмен болады, оған қандай шара қарастырылуда?**-деген сұрағына өндірістік бөлімше басшысы - А. Сарсембаев су қысымын көтеру үшін Тоқтаров көшесі мен Жүргенов көшесі бойынан жаңадан d-110 мм ПЭ құбырын аяқ су каналымен К-4 қашыртқысының астынан өткізіп-365 метр қашықтықтағы Тоқтаров көшесіне айналма құбырын жалғау мақсатында облыстық филиалға ұсыныс берілді, алдағы уақытта оң шешімін табады деген ойдамыз деп жауабын берді.

### **Қорытынды:**

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына **«жақсы»** деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. **Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.**

**Тыңдаудың төрағасы:**



**С.Нурумбетов**

**Хатшысы:**



**Г. Есжанова**

**Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесіхалықты ауыз сумен қамту қызметінің 2021 жылға I-ші жарты жылдықта атқарылған жұмыстары туралы есебі.**

**«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің**

## **Х А Т Т А М А С Ы**

**Тереңөзек кенті**

**28 шілде 2021 жыл**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың I-жарты жылдығының қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Е.Дузимбетов- «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

2. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.

4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов

5. Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы Х.Әбенев

6. Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі Е.Беркінбаев

7. Тереңөзек кент еңбек ардагері А.Төлеуова

8. Кент ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Келдібаев

9. Тереңөзек кентінің тұрғындары. Г.Құлмағанбетова А.Байдалейов Ж.Абсадықов А.Сыздыкова

10. Хатшысы: А.Нуртазина - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі.

### **Күн тәртібінде:**

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2021 жылдың I-жарты жылдығының есебін беру. Бөлімше басшысы баяндама жасады Е.Дузимбетов.

## **Тыңдалды:**

### **Абонент бөлімнің атқарылған жұмыстары.**

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың I-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша таратылған ауыз су көлемі 458 841 текше метрді құрады. 2021 жылға нормадан тыс су шығынын азайту үшін Шаған, Шіркейлі, Жетікөл, Теренөзек елді мекендерінде тұтынушыларға және ауыз су кешендеріне су есептегіш құралын орнату жұмыстары жүргізілуде.

2021 жылдың жоспары бойынша халыққа 374 308 текше метр ауыз су көлемі қаралған. Кәріз саласы бойынша 2021 жылдың I-ші жарты жылдығының жоспары бойынша халыққа 14 138 текше метр қаралса, орындалғаны халыққа 490 текше метр, мекемелерге 7 600 текше метр, өзге мекемеге 48 текше метрді құрады.

### **Су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімі**

Алдын-ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша Теренөзек кенті, Сакен Сейфулин, Шаған, Инкәрдария, Қоғалыкөл, Шіркейлі, Нағи Ильясов, елді мекеніндегі ұнғымаларға жер асты суын тазарту жұмыстары (откачка) жасалып және жер асты құбырлары ауыстырылды.

Барлық елді мекендердегі насос станциясы ғимараттарын әктеу әрлеу, сылау және сырлау жұмыстары жүргізілді.

Көру құдықтарына тазалау және ашып-жабу арматураларына тексеру күтім жасау жұмыстары жүргізілді.

Барлық елді мекендердегі орталық насос станцияларындағы таза су қоймаларын көктемгі жоспарлы тазалау, жуу-шаю, заласыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Сырдария ауданы бойынша елді мекендерде ауыз су беру, тарату тәулік бойынша үздіксіз айдалып отыр. Уақытпен (сағатпен) айдап отырған Жетікөл елді мекені, қалған елді мекендері толығымен 24 сағат бойы су айдау уақытына көшірілді.

2021 жылдың жазғы кезеңде 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың саны 200 ден астам.

### **Өндірістік техникалық бөлімі**

2021 жылдың I-ші жарты жылдығында өндірістік бөлімшеге ЭЦВ 8-25-100 -3 дана, ЭЦВ 8-25-70 -1 дана, ЭЦВ 6-25-80 -2 дана, ЭЦВ 6-16-75 -1 дана, ЭЦВ 6-10-80 -1 және ЗРА -3 дана орталық офистен алынып, іске қосылды.

### **Өндірістік бөлімшеге қарасты проблема**

Аудан бойынша Теренөзек кенті және 13 елді мекеніндегі барлығы 21 көшелерде ауыз су құбырлары тозығы жетіп, ақаулар жиі пайда болуда. Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендердегі көру құдықтарындағы фасон бөліктері шіріп, тозығы жеткен. Сондықтан ауыстыруды қажет етеді.

Барлық елді мекендерді орталықтандырылған ауыз су жүйесіндегі жұмыс жасайтын жұмысшыларға арнайы жеке киімдерімен (лепесток, респираторлары, қорғаныш көзілдіріктері, резеңке қолғаптарымен) қамтамасыз етуді қажет етеді.

## **Механизация.**

Күнделікті жұмыс барысында жанар-жағар майды үнемдеу мақсатында әрбір көлік құралының жүрген жолы барған жұмысы жол қағазына толтырылып нормаға сәйкес есептеліп отырады және күнделікті диспетчер арқылы Қызылорда қаласына ақпар жіберіледі.

Пайдаланудағы техникаларға ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау алдынала жасалған кесте бойынша жүргізіліп отыр.

## **Энергетика**

Энергияны үнімдеу мәселесі – қазіргі ғылыми тәжірбиелерге қойылған ең негізгі мәселелердің бірі. Өндірістік бөлімшеге қарасты ЭЦВ насос станцияларындағы қондырғылар арқылы тікелей ауыз су мұнарасына айдағандықтан, электр қуатын үнемдеп отырмыз.

## **Техника қауіпсіздігі**

2021 жылдың өрт қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздік бойынша 204-өрт гидранттары тексерілді.

Санитарлық тазалық жөнінде барлық насос станцияларының машинистері санитарлық тексеруден өтті. Насос станциясының аулалары әктеліп, сырланды, арам шөптер орылды.

## **Қорытынды:**

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



**С.Нурумбетов**

Хатшысы:



**А.Нуртазина**



## ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

26 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың І-ші жарты жылдығы қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Қ. Төлепов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
5. А. Досмұратов – Жосалы кентінің әкімінің орынбасары.
6. А.Пірманова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
7. Ғ. Жарасов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
8. Қ. Ақжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
9. Хатшы - Ғ. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қармақшы ауылының тұрғыны С. Өтебаев, Ақтөбе ауылының тұрғыны Д. Әлиева, Ақжар ауылының тұрғыны Қ. Әбуов, тағы басқалар.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың жарты жылдығының қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және

өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Қ. Төлепов – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары С. Нурумбетов тыңдауды ашты.

Қ. Төлепов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

- «Нұра топтық су құбыры», «Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың жарты жылдығында нақты өндірген ауыз су көлемі **98 960 м3** (текше метр) және таратылған ауыз су көлемі таратылған ауыз су көлемі **84 545 м3** (текше метр) құрады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты елді – мекендерде барлығы 60 заңды тұлға және 1606 жеке тұлға тұтынушылар бар.

Қаңтар – маусым айларында бөлімшеге қарасты Көмекбаев, Қуандария, Алдашбай ахун, Тұрмағамбет, Ақжар, Ақтөбе және Қармақшы елді – мекендерінің I және II су көтеру насос станциялары, ұңғыма павильондары, су көтеру мұнаралары мен ішкі су жүйелеріне жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына және су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру үшін шығындалған шикізат-материалдардың есебі мен қаржысы төмендегіше:

- Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына – **207245,46** теңге;
- Орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру – **154015,49** теңге.

Барлық елді – мекендерде ауыз су тапшылығын болдырмау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда, оның ішінде: бөлімшеге қарасты барлық I және II су көтеру насос станциялары, ұңғыма павильондары, су көтеру мұнаралары мен ішкі су жүйелеріне бекітілген кестеге сәйкес жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары жүргізу және орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Филиал басшысымен 2021 жылға бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес, елді-мекендердегі d-150, d-100 және d-80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандарға, II-ші су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбырда орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Елді-мекендердегі II-су көтеру насос станцияларындағы «К» типті су айдау насостарына ағымдағы жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.

Қуандария, Алдашбай ахун, Ақтөбе елді мекендеріндегі ұңғыма павильондары мен II су көтеру насос станцияларындағы d-159 және d-108 мм темір технологиялық құбырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда, Көмекбаев және Ақтөбе елді – мекендеріндегі ЭЦВ8-25-100 насос агрегаттары орналасқан №2 және №11 ұңғымаларындағы тозығы жеткен темір құбырларды d-76мм ПЭ құбырларына ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, барлық

елді – мекендердің су жүйелерінің бойында орналасқан көру құдықтарын тазалау, ыза суларын шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, Өндірістік бөлімшеге қарасты Ақжар, Тұрмағамбет және Қуаңдария елді – мекендерінің су жүйелеріндегі d-2000мм болатын көру құдықтарының үгітіліп, тозығы жетіп жарамсыз күйге жеткен КЦП қақпақтары арнайы техниканың көмегімен алынып, орнына өз күшімізбен жаңадан КЦП қақпақтары құйылып орнатылды. Апаттық жағдайлардың орын алуының бірден-бір себебі, көру құдықтарында орналасқан өрт гидранттарының тұғырының (фасонная часть) шіріп, тозығы жетіп, темірі жұқарып тесілуі. Авариялық бригадалар филиал тарапынан бөлінген шикізат-материалдарды қолдана отырып, орын алған ақауларды мерзімінде қалпына келтіреді.

2021 жылдың сәуір айында орталықтандырылған ауыз су жүйелері мен насос станцияларындағы таза су қоймалары және су көтеру мұнаралары арқылы жуу, шаю-зазалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. «Ұлттық сараптама орталығының» Қармақшы аудандық бөлімшесі айын екі рет сынама алу жұмыстарын жүргізуде.

Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша өзекті проблемалық мәселелердің бірі Қармақшы, Алдашбай ахун және Көмекбаев елді-мекендерінің насос станцияларында таза су қоймаларының болмауы, II-ші су көтеру насос станцияларының болмауы және су көтеру мұнараларының тозуы мен сыйымдылығының аз болуы. Алайда, «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі тарапынан жоғарыда аталған мәселе бойынша «жобасметалық құжаттамасын» әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта қаржысы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілсе ел игілігі үшін қолданылатын маңызды нысандардың бірі болады деп сенеміз.

Қазіргі таңда, бөлімше өзіне қарасты барлық елді – мекендерді жоғарыда аталған мәселеге қарамастан **24** сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. Апаттық жағдай орын алған жағдайда, авариялық бригада орын алған ақауды мерзімінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде.

### **Шығып сөйлегендер:**

С. Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары 2021 жылдың жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырғанын және тқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың жарты жылдығының қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**



**С. Нурумбетов**

**Хатшы:**



**Ғ. Есжанова**

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

« 29 » шілде 2021 жыл

**«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.**

Тыңдаудың төрағасы: С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директор орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің бастығы.
  2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы-Ж.Балмағанбет
  3. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы. Ж. Сейтпенбетова
  4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
  6. А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
  7. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің бастығы.
  8. Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
  9. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының бастығы
  10. Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары.
  11. Хатшы - Ж. Әбдібай - Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- Тұрғындар: Шоқай көшесі № 219 үйдің тұрғыны Акниязов Молдабай, Әбілхайырхан көшесі №116 үйдің тұрғыны Жалғасбай Мирамкул, Жастар көшесі № 9 үйдің тұрғыны Н. Нұртуған, 2 кв № 314 үйдің тұрғыны Жайшылықов Абзал және тағы басқалар.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2021 жылдың I жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет– бөлімше бастығы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директор орынбасары С.Нурумбетов есепті тыңдауды ашты.

Ә.Ахмет күн тәртібіндегі мәселе бойынша өндірістік бөлімшенің 2021жылдың I жарты жылдығында атқарған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

- “Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінде 191 қызметкер, 17 дана техника, 23 насос стансасы, 2 дана су қыспақты мұнарасы, 298,2 шақырым магистралды су құбырлары, 399,5 шақырым ішкі су тарату және 388,6 шақырым сервистік су желілері мен 64 дана қоғамдық колонкалар арқылы ауданның 22 елді мекені бойынша 14 809 үйде тұратын 65 369 адамға, 105 бюджеттік және 349 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде 1 текше метр ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне **ҚҚС-сыз 469,17 теңге, ҚҚС-мен 525,47 теңге** мөлшерінде тариф қолданысқа енгізілді.

Халықты қолжетімді ауыз сумен қамсыздандырудың әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, жеткізілген көлемде ауыз суды пайдаланып отырған бюджеттік және өзге де мекемелер, жеке кәсіпкерлерді қоспағанда, тұрғындардан су есептегіш құралымен текше метрі 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз текше метрі 40 теңгемен жеңілдетілген тарифпен төлем жиналып, қалған тариф айырмасы бюджет есебінен субсидия түрінде төленді. Көше колонкасынан тасып ішетін тұрғындар үшін бекітілген норматив бойынша адам басына тәулігіне 50 литр. Осыған сәйкес ауыз суды көшеден тасып ішетін 433 үйдің тұрғындарына, яғни 1877 адамға 1 айға 1 адамға 60 теңгеден төлем жүргізілді.

Бөлімшеге тапсырыс беріп су тасымалдау автокөлігі арқылы ауласындағы құдыққа су құйдыратын Әйтеке би кентінде 24 үй, «Водокачка» елді мекенінде 5 үй тіркелген. Осы тұрғындарға тапсырысы бойынша сиымдылығы 3,6 текше метрлік су тасымалдау автокөлігімен ауыз су жеткізіп беру қызметі көрсетілді. Филиалдың бекітілген калькуляциясына сәйкес су тасымалдау автокөлігімен ауыз су жеткізу құны 1 рейске 1624 теңге. Оның ішінде: автокөліктің тасымалдау құны 1480 теңге, ауыз судың құны 144 теңге. Заңды тұлғалар үшін 4508,27 теңге.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын “Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесінен Әйтеке би кентіндегі №1 су көтеру бекетіндегі жалпы сиымдылығы 21750 текше метрлік су қоймаларына тәулігіне жазғы маусымда 10000

текше метр, қысқы маусымда 4000 текше метрге дейін ауыз су қабылданып кент, қала және ауылдық елді мекендерге таратылды. Сервистік су жүйесі жүргізіліп, үйлеріне су есептегіш құралдары орнатылған Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және ауылдық елді мекендер бойынша үздіксіз тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Ал сервистік су құбыры жүргізілмеген Жанқожа батыр, Майдакөл ауылы тұрғындарына жан басына белгіленген норматив бойынша қоғамдық колонкалар арқылы ауыз су таратылды. Майдакөл, Жанқожа батыр ауылдарында 2020 жылы құрылысы басталған сервистік су құбырын жүргізу жұмыстары осы жылдың маусым айының аяғында аяқталды. Алдағы уақытта тұрғын үйлердің барлығына толықтай су есептегіш құралдары орнатылғаннан кейін есепке алынып, ауыз сумен тәулік бойы қамтамасыз ету жолға қойылады.

2021 жылдың I жартыжылдығында ауыз су тұтынушыларына жалпы таратылған ауыз судың көлемі 795 369 текше метрді құрайды. Оның ішінде: тұрғындарға таратылғаны 719 836 текше метр, мекемелерге таратылғаны 75 533 текше метр. Ауыз су шығындарына келсек, жалпы көлемі 9 734 текше метрді құрады. Оның ішінде: су құбырларында орын алған ақаулардың су шығыны 1095 текше метр, жоспарлы түрде су қоймалары мен ауыз су жүйелерін көктемгі жуып-шаю жұмыстарына- 5104 текше метр, ауыз су нысандарының ауласын көркейту – көгалдандыруға -2725 текше метр шығындалды. Сондай-ақ 2021 жылдың 10 маусым күні Арал ауданына қарасты Қосаман елді мекенінде орналасқан жер асты су көзі болып табылатын насос стансасында көру құдығынан д-500 мм ПЭ су құбыры бойында ақау орын алып, бөлімше қарасты тұтынушыларға шектеулі уақытпен ауыз су таратылғандықтан, кейбір көшелерде судың дұрыс ақпауына байланысты көру құдықтарындағы өрт гидранттарынан ауа шығару шаралары кезінде 666 текше метр ысырап болды. Сонымен қатар су тасымалдау автокөліктер арқылы көше жағалап тұрғындарға таратылған 144 текше метр ауыз су көлеміне тиісті актісі жасалып, бөлімшенің ауыз су тарату шығындарына жатқызылды.

**Есепті кезеңде жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 91 919 теңге** қаржы жұмсалып, магистралды және ішкі су тарату желісі бойында болған барлық 115 ақау жөнделіп, қалпына келтірілді. Оның ішінде: магистралды су құбыры бойында - 18 ақау, ішкі су тарату желісінде - 97 ақау. Осы ішкі су тарату желісіндегі 97 ақауды таратып айтқанда: Әйтеке би кентінде- 82 ақау, Қазалы қаласында - 4 ақау, Мұратбаев ауылында – 7 ақау, Пірімов ауылында – 2 ақау, Басықара ауылында -2 ақау орын алды. Қалпына келтіру жұмыстарына түрлі диаметрдегі компрессионды муфталар мен электромуфта материалдары пайдаланылды. Ақаулардың негізгі себептері қысымға шыдамаған полиэтилен құбырлардың дәнекерленген жерінен (стык) ажырап кетуі, көру құдығының ішіндегі темір фасон бөліктері мен сервистік винтелдердің ақауынан болып отыр.

Бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Осы **жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші 1 919 955 теңгені** құрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес кент, қала, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 320 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт

гидранттарына техникалық күтім жасалды. Елді мекендердегі су тарату бекеттеріне ауыз суды жеткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Әйтеке би кентіндегі №1 су көтеру бекетінде Қазалы қаласы бағытына қарай өнімділігі сағатына 72 текше метр су айдайтын насос қондырғысының орнына, өнімділігі сағатына 300 текше метрлік К200-150-250 маркалы 1 дана насос қондырғысын орнату жұмыстары жүргізілді.

Бөлімшенің 2021 жылы атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес өндірістік базаның батыс бетіндегі ұзындығы 171 метр тозығы жеткен темір-бетон плиталарын ауыстыру жұмыстары атқарылды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты Мұратбаев ауылында жыл сайын көктем-қыс айларында жер асты тоңның еруі немесе қатуы кезінде ішкі су тарату құбырларының деформациялануынан жалғанған жерінен жиі су кететін резьбалы компрессионды муфттарының орнына д-110мм-лік 50 дана, д-160мм-лік 10 дана сырғымалы ПВХ муфталарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры бойында ақаулар орын алған жағдайда, ауыз су тұтынушыларын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан 1986 жылы пайдалануға берілген №2 «Су тазалау-тарату» насос станциясын іске қосу үшін дайындыққа келтіруге тиісті жұмыстар атқарылды. Осыған сәйкес фильтрлерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге филиалдан бөлінген 18 млн теңгенің қажетті материалдары жеткізіліп, екі камерадан тұратын 5 дана фильтрлердің ішіндегі су жүретін д-108мм-лік жарамсыз темір су құбырлары демонтаждалып, орнына д-110мм-лік полиэтилен су құбырлары салынды. Жарамсыз сүзгі компоненттері толығымен сыртқа шығарылып, жаңадан 108 тонна щебень, 192 тонна цеолит минералды компоненті салынды. Сонымен қатар д-100мм-лік 10 дана, д-250мм-лік 5 дана, д-300мм-лік 5 дана су реттегіш арматураларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Су қабылдағышқа баратын «Оң жаға» каналының арнасына механикалық тазалау шаралары атқарылды. Сонымен бірге «Оң жаға» каналында деңгейі төмен болып су алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, тікелей дариядан су қабылдау үшін өзен жағалауына 1Д-320-50 насос агрегаты орнатылып, Сырдария өзенінен II- су көтеру ғимаратында орналасқан араластырғышға (смеситель) дейін ұзындығы 113 метр ПЭ су құбыры жүргізілді.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығында **күрделі жөндеу жұмыстары бойынша барлығы 775 890 теңге** қаржыға Әйтеке би кентінің ішкі су тарату желісі бойында орналасқан көру құдықтарының ішіне d-250 мм-лік 2 дана және Ақтан батыр елді мекеніндегі №6 су көтеру-тарату бекетіне д-150 мм-лік 2 дана ашып-жабу арматуралары орнатылды.

Аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, осы жылдың 29 наурызы мен 8 сәуір аралығында барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырларына және су қоймаларына жоспарлы түрде көктемгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

Барлық ауыз су нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында 26 нысан бойынша 4985 дана тал отырғызылды. Бұрыннан көктеп тұрған 7735 дана



күтімге алынған талды қосқанда барлық тал саны-12 720 дана. Сондай-ақ 1027 м2 жерге гүл егілді.

Бөлімшеде тұтынушыларға ауыз су тарату қызметімен қатар бекітілген калькуляцияға сәйкес өзге де қызмет түрлері көрсетіледі. Бөлімше бойынша су құбыры бар тұтынушылардың барлығына су есептегіш құралы орнатылған. Тексеруден өту мерзімі келген су есептегіш құралдарын ауыстыру жоспары 100 пайызға орындалды. 2021 жылдың I жартыжылдығында су есептегіш құралын орнату, уақыты келген су есептегіш құралдарын ауыстыру, сервистік су құбырын жүргізу, үйшілік су құбырына техникалық қызмет көрсету, тағы да басқа түрлері бойынша 2 698 033 теңгенің жұмыстары атқарылды.

Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жалғаса береді.

### **Шығып сөйлегендер:**

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - Бөлімшенің жыл сайынғы есепті тыңдауына қатысамын. 2021 жылдың I жартыжылдығында халық игілігі үшін біраз жұмыстар атқарылған екен. Осы жұмыстарды атқарған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін. Алдағы уақытта жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы: Аудан тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз мақсатында біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тіледі.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры: - Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуде талмай еңбек етіп келеді. Үйімізден ауыз суды тұрақты пайдаланып келеміз. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары жүзеге асырылып жатқандығына куә болып отырмыз. Бұл жұмыстар халықтың тұрмыс-тіршілігіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Тұрғындар атынан: Жанкелдин №21 үйдің тұрғыны Жалғасбаева Кулжахан, Счастнов тұйығы №2 үйдің тұрғыны Әуесбаев Жеңіс, Төле би көшесі № 56 үйдің тұрғыны Алжанова Зоя, Қазалы қаласы, Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бақытбек, тұрғындардың тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

### **Қорытынды:**

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**

**Хатшы:**

Two handwritten signatures in blue ink. The top signature is more complex and stylized, while the bottom one is simpler and more legible.

**С.Нурумбетов**

**Ж. Әбдібай**

## **ХАТТАМА**

**Жаңақорған кенті**

**27 шілде 2021 жыл**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың I-ші жарты жылдық есебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Б.Оспанов – «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше басшысының орынбасары.
  2. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
  3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
  4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
  5. С.Садыков – Жаңақорған кенті әкімі.
  6. Қ. Сапарбаев -«Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
  7. Е.Балтаев - «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше шебері.
  8. « Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшенің тұтынушылары және көше комитеттері.
  9. Хатшы- Д.Алдибеков инженер - технолог.
- Тұрғындар: Жаңақорған кентінің тұрғыны Қ.Бегарыстанов А.Қадыров Ш.Сәдуов Е.Егізбаев Л.Кетепов С.Қойшыбаев және тағыда басқада тұрғандары.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

Құрметті бүгінгі жиналысқа қатысушылар!

1.«Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың I-ші жарты жылдықтағы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі.

(Баяндамашы – Б.Оспанов – бөлімше басшысының орынбасары.)

**«Нұра топтық су құбыры»** шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның **«Арал»** салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде **23**-насос станциясы, **5** дана техника, **486,48** шақырым су құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. Бөлімше **23** елді мекен бойынша **4959** үйде тұратын **37900** адамға, **56** бюджеттік және **21** заңды мекемелерге ауыз су таратуда.

**2021** жылдың I-ші жарты жарты жылдық бойынша **204 101** текше метр су қабылданып таратылды.

**1.Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырлар, насос станциялары, су тарату жүйелерінің техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтындығы туралы мәлімет.**

Жалпы **2021** жылы I-ші жарты жылдығындағы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар: Көктөбе елді мекеніндегі ұңғымадан насос станциясына жаңадан құбыр жүргізілді. Қожакент елді мекеніндегі су ақпай тұрған **34** үйлерге су құбырлары жүргізіліп су мәселесі толықтай шешілді. Елді мекеннің ауыз су мәселесі толық шешілді. «Талап топтық су құбыры бойынша» елді мекендердің ауыз су құбырлары тексеріліп сынақ мерзімі жүруде.

**1.** Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі рет су жүйелерін және сусақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Айына бір рет аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынақтары алынып тексеріліп отырады.

**2.** Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы насос қондырғылары мен электр жабдықтары күтіп баптауда ұстайды. Сырдария бойындағы барлық насос станцияларына және әкімшілік ғимараттың сыртқы шамдары светодиодты шамдармен қамтамасыз етілді.

**Қорыта келгенде өндірістік бөлімше бойынша 2021 жылдың I-ші жарты жылдығындағы атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.**

*Сөз алғандар:*

-**ст.Бесарық елді мекені тұрғыны Б.Айдарханов.** Жаз мезгілінде судың қысымы азайып су ағу уақыты неге қысқарады.

- **Б.Оспанов** – Жаз мезгілінде судың қысымы аз болу себебі елді мекенге берілген су белгілі бір уақытпен ағады елді мекенде аяқ судың тапшы болуынан аула ішіндегі бау бақшаларын суарады сондықтан елді мекенге судың қысымы болмайды.

- **Манап елді мекені тұрғыны А.Құтжанов.** Ауыз су қашан ұзақ уақыт беріледі.

- **Б.Оспанов** – Бас тоғаннан қайта ұңғыма қазылуда су мөлшері көбейген уақытта елді мекендерде ауыз судың уақытын созатын боламыз.

**Қ.Сапарбаев** - «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы,Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы- өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айтты. Өндірістік бөлімшенің 2021 жылдың І-ші жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқарылатындығын, барлық елді бағдарламалар кезең-кезеңімен орындалуда - деп сөзін аяқтады.


#### Қорытынды:

«Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшенің 2021 жылдың І-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына «**жақсы**» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15-<sup>00</sup>ден – 17-<sup>00</sup>-ге дейін.

Жиналыс төрағасы :

Хатшы:



**С.Нурумбетов**

**Д.Алдибеков**

## ХАТТАМА

Қызылорда қаласы

28 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Б.Байтасов – «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
5. Ж.Ағайдаров-«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің ТБ инженері
6. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиал өндірістік бөлімшелерінің басшылары.
7. Хатшы - С.Жылмағанбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Абай Махамбет ауылының тұрғындары А.Ермаханов, Е.Байнязов, Е.Қосжанов, А.Дүзелбаева және тағы басқалар.

### **Күн тәртібінде мәселе бойынша:**

Өндірістік бөлімшеге қарасты 13 елді мекен және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталықтары» бар. 11 елді мекен және «Оңалту орталықтары» тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр.

Бірқазан елді мекенінде ауыз су құбыры (0,7км) толық болмауына байланысты уақытпен берілуде. Иіркөл елді мекенінде ауыз су құбыры жоқтығына және 17-тұрғын үй ғана болғандықтан 24сағат ауыз су беруге қажеттілік жоқ, сондықтан уақытпен берілуде.

Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендерде барлығы 120 заңды тұлға және 5 776 жеке тұлға бар.

Тұтынушылардың 98% пайызы су өлшегіш құралымен, ал 2% пайызы су өлшегіш құралынсыз ауыз су пайдаланып отыр. Тұтынушыларға пайдалану уақыты келген су өлшегіш құралдарын ауыстыру жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тұтынушыларды тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауыз су нысандарына уақытылы күтім жасап және орын алған апаттық жағдайды қалпына келтіруге аға шебер, шебер, слесарь жөндеуші, дәнекерлеуші және жүргізушіден құралған авариялық бригада жұмылдырылған.

Авариялық бригаданың қалыпты жағдайда жұмыс атқаруы үшін, жұмысшыларға жазғы-қысқы арнайы киімдері, қолғаптары, аяқ киімдері және өзге де арнайы киімдермен қамтамасыз етілген.

Дизельді электр станциясымен жабдықталған Газ-3309 РТК, Газ-3307 ассенизатор, Case-570ST экскаватор-погрузчик арнайы техникалары және Газ-330232 газель фермер көлігі қарастырылған. Елді мекендерде орналасқан насос станциялары 8-дана дизельді электр станциясымен қамтылған.

1-текше метр ауыз судың бағасы 377,50тг, оның 30 теңгесін тұтынушылар төлейді. Ал 347,50 теңгесі субсидия арқылы аударылады.

2021-жылдың жарты жылдық қорытындысы бойынша:

Абонент саны – 5 776 абонент

Халық саны – 26 729 адам

Заңды тұлға саны - 120 мекеме

Нақты өндірілген су көлемі - 462 965,00 м<sup>3</sup>

Жоспар бойынша су көлемі – 391 392,00м<sup>3</sup>

Нақты қаражаты жиналған су көлемі – 426 589,00м<sup>3</sup>

Жиналған қаражаты - 35 284 979,20тг

1-текше метр кәріз судың бағасы заңды тұлғалар үшін 257,62тг, жеке тұлғалар үшін 104,40тг.

2021-жылдың жарты жылдық қорытындысы бойынша:

Абонент саны – 374 абонет

Халық саны – 1331 адам

Заңды тұлға саны – 16 мекеме

Кәріз су көлемі - 81 789,00м<sup>3</sup>

Жиналған қаражаты – 15 442 950,02тг.

Атқарылған жұмыстар:

1.Ауыз су жүйесі бойындағы д200мм, д150мм, д100мм, д80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандарға, өрт сөндіру гидранттарына және II-су көтеру насос станциясындағы «К» типті насос қондырғыларына, технологиялық құбыр бойында орнатылған ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2.Ж.Махамбетов елді мекені және Белкөл кентінің II-су көтеру насос станциясына жаңадан К100-65-200 маркалы насос қондырғысы орнатылды.

3. Абай елді мекені және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оналту орталықтарының» ауыз су ұңғымасына жаңадан ЭЦВ 8-40-90 маркалы насос қондырғысы орнатылды.

4. Талдыарал елді мекенінің ауыз су ұңғымасына жаңадан ЭЦВ 6-16-75 маркалы насос қондырғысы орнатылды.

5. Қараөзек елді мекенінің ауыз су ұңғымасына жаңадан ЭЦВ 8-25-70 маркалы насос қондырғысы орнатылды.

6. Электр энергиясын үнемдеу мақсатында II-су көтеру насос станцияларына жиілікті реттегіш (частотный преобразователь) орнатылды.

7. Сәуір айында ауыз су жүйесін жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары атқарылды.

8. Талдыарал елді мекенінде орнатылған сиймдылығы 50м<sup>3</sup> ауыз су мұнарасы іске қосылды.

9. Ауыз су мұнарасы (башня) арқылы су таратып отырған I-ші су көтеру насос станцияларына ЭКМ (электроконтактный манометр) орнатып автоматты жүйеге көшірілді.

10. Барлық нысандар бойынша көгалдандыру жұмыстары атқарылуда.

#### **Проблемалық сұрақтар:**

1. Кәріз насос станцияларына насос қондырғылары тапшы. 4-дана кәріз насос станциясына 2-данадан жаңа насос қондырғылары қажет.

2. Алдын-ала жөндеу жұмыстарын (ППР) атқаруға шикізат-материал уақытылы берілмейді.

3. Слесарь-жөндеуші жұмысшы саны аз.

4. Авариялық бригаданың жұмыс уақытынан тыс, демалыс күндері, мерекелік демалыс күндері атқарылған жұмысына жалақы төленбейді.

5. Ауыз су жүйесі бойындағы қору құдықтарында орнатылған ашып-жабу реттегіш арматураларының тозығы жеткен, жаңадан берілетін ашып-жабу реттегіш арматураларының сапасы өте төмен, қолданысқа жарамсыз.

#### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15:00ден-17:00-ға дейін.

**Жиналыс төрағасы:**



**С.Нурумбетов**

**Хатшысы:**



**С.Жылмаганбетова**



## Х А Т Т А М А

Арал қаласы

29 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2021 жылдың I жарты жылдығының қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары - С.Нурумбетов

### Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Балмаганбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы- Ж. Сейтпенбетова
3. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы- Қ.Жанжигитов
4. «Арал Тынысы» ЖШС мекемесінің өкілі – М. Балсугіров
5. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
6. А. Абдиханов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
7. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
8. Ә. Өтеғұлов «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. Т. Саянов - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
10. Е.Құлжігітов – Арал қаласы Сатаев көшесінің тұрғыны
11. Г.Балымбетова - Арал қаласы Мир көшесінің тұрғыны
12. С.Абуов- Арал қаласы Терешкова көшесінің тұрғыны
13. Г.Альжанова- Арал қаласы Алтықұдық көшесінің тұрғыны
14. А.Аймурзаев Арал қаласы бақтыбай батыр көшесінің тұрғыны
15. А.Абилова Арал қаласы Ж.Абдрашов көшесінің тұрғыны
16. А.Молдабекова Арал қаласы Р.Турымбетов көшесінің тұрғыны
17. Ы.Боденов Арал қаласы Сартай би көшесінің тұрғыны
18. К.Байнашева Арал қаласы Королева көшесінің тұрғыны
19. А.Жоламанов Арал қаласы Коркыт Ата көшесінің тұрғыны

20. Г. Шалбаев Арал қаласы Қарамолда көшесінің тұрғыны  
21. А. Егізекөв Арал қаласы Б. Танирбергенов көшесінің тұрғыны  
22. Л. Қайрақбаева Арал қаласы №4 мөлтек ауданының тұрғыны

Тұрғындар: Арал қаласы тұрғыны А. Садықов Ө. Ибадулаев Н. Бақыт  
Д. Қалиханов К. Абдулхамитов Қ. Жақсылықов Н. Қадыров тұрғыны.

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары - С. Нурумбетов тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады “Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 41 насос стансасы, 38 дана су ұңғымасы, 1 645,27 км су құбыры желілері, оның ішінде 728,12 шақырым магистральды су құбырлары және 917,15 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1 590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4 405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 42 және Қазалы ауданының 23 елді мекендерінің 130 мыңнан астам тұрғындарын, 500-ге жуық шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде 281 жұмысшы-қызметкер, 31 дана техника жұмылдырылған.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығы көлемінде Қосаман бас су тоғанынан **1 928 708,05** мың текше метр ауыз су өндіріліп, Арал және Қазалы аудандарына **1 594 422,967** мың текше метр ауыз су таратылды. Оның ішінде Арал ауданына **799,0** мың текше метр ауыз су тұтынушыларға таратылды.

2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 2020 жылғы 01 сәуіріндегі №18-НҚ бұйрығымен бекітілген 1 текше метрге **ҚҚС-мен 525,47 теңге** тариф қолданысқа енгізілді.

ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 10

наурыздағы №18-НҚ бұйрығымен бекітілген 1 текше метрге **ҚҚС-мен 525,47 теңге** тариф қолданысқа енгізілді.

Су есептегіші бар тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төледі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленеді.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша 728,12 км магистральды су құбырлары бойында 73 ақау магистральды су құбыры желілерінде орын алып қайта қалпына келтірілді. Сонымен қатар 917,15 км ішкі су құбырлары желілерінде орын алған 114 ақау қайта қалпына келтірілді.

Бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жаксықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығында 505 дана су есептегіш құрылғылары жаңадан ауыстырылды. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру – 473 дана,
- заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 32 дана,
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату -147 дана.
- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату – 25 дана

**Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.**

- Сексеуіл – Арал бағытындағы ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 7 ақау, оның ішінде 1 ақауды 5 метр ТНГ1000 мм құбырға алмастыру жұмыстары жүргізілді. Қалған 6 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Арал – Аралқұм бағытындағы ТНГ1000 су құбырының бойынан орын алған 2 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Аралқұм- Қамыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 6 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Қосаман насос станциясына жаңадан д630-90 маркалы 2 дана нанос қондырғылары орнатылды.,
- Бердікөл насос станциясына жаңадан LOWARA маркалы 2 дана нанос қондырғыларын орнату, ішкі технологиялық құбырларын дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.

- Арал қалалық су тарату насос станциясына жаңадан д320-60 маркалы 2 дана насос қондырғыларын орнату, ішкі технологиялық құбырларын дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді
- Қосаман-Бердікөл магистральды су құбыры бойына бақылау құдығын орнату, вантуз құрылғысымен жабдықтау жұмыстары жүргізілді.
- Өндірістік бөлімшенің өндірістік базасының темір/бетон қоршауларына жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- РЗД 82 елді мекенінің темір жол арқылы жүргізілген, 70 жылдан астам пайдаланылып, тозығы жеткен құбырды жаңадан ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

### **Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен жабдықтауға суды мәдени-тұрмысының пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық,бактериологиялық сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде көктем айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғасытыра беретіндігін және жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етіліп, еңбек ақылары уақытылы берілетіндігін жеткізді.

### **Қорытынды:**

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың І-ші жарты жылдығы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

**Хатшысы:**



**С.Нурумбетов**



**Э.Журибетова**

## ХАТТАМА

Қазалы ауданы

29 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың І-ші жарты жылдығы бойынша бойынша өткізілген онлайн режимінде есепті тыңдауы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

**Тыңдау төрағасы** «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары – С.Нурумбетов.

1. Т.Алданазаров – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.

2. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

3. Ж.Сейтпенбетова – «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік - жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.

4. Қ.Жанжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

5. Ж.Сарқытұлы- «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы

6. Хатшы – А.Ұзақбай - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

7. Қ.Орынбасаров – Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі.

8. М.Әбсұлтанов – Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мекемесінің басшысы

**Тұрғындар:** А.Баукешов, Ж.Нияз, Ж.Әбжали, Қ.Құлпыбай, Б.Елеуов, Д.Құдайбергенов, Е.Бақбергенов, С.Мақсымұлы, Н.Ерназар, Б.Әлиев Әйтеке би кентінің тұрғындары.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Т.Алданазаров– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес, есепті тыңдау төрағасы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары С.Нурумбетов тыңдауды ашты.

Т.Алданазаров күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың І-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Өндірістік бөлімшеде 36 жұмысшы қызметкер жұмыс жасайды. 2-дана авто көлік бар. 6 су - тарату бекеті бойынша 1 аға шебер, 4 слесарь-жөндеуші, 1 дәнекерлеуші, 1 электромонтер, 1 автокөлік жүргізушісі және 19 машинист жұмыс жасайды. 5-дана су көтеру ұңғымасы мен 91 шақырым бас су құбырлары арқылы 8 елді – мекенге 456 үйде тұратын 2277 адамға, 17 бюджеттік және 37 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша шикізат материалдарға 491 679,17 тг қаражат жұмсалып, жоспарланған жоспардан 100 пайыздан 76%-ы игерілді.

«АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесіне қарасты №1 су көтеру-тарату бекетіне 124 028 текше метр ауыз берілді.

Оның ішінде: ІНС арқылы жеке тұлғаларға 8 679 текше метр, заңды тұлғаларға 64 937 текше метр ауыз су көлемі таратылып, 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында 50 412 м3 су артық беріліп отыр.

Ауыз су тұтынушы тұрғындардың пайдаланған суынан 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында түскен қаражат 557 120 теңгені құрап 100%-ға орындалды.

Өндірістік бөлімшеден ауыз су тұтынушы мекемелерге таратылған су көлемі 38 498,200 текше метр. Қаражаты 29 066 141 теңге болса, жиналған қаражат 24 590 273,89 теңгені құрап, 85%-ға орындалды. Қалған пайызының орындалмау себебі РЗА Асыл-Түлік ЖШС мекемесінің ауыз су төлемімен толық есептеспейтін болып отыр. Аталған мекеменің бережақ қарызы – 5 662 440,00тг.

Бюджеттен бөлінген субсидияны игеру мақсатында, тұтынушылардың қордаланған қарызын жинау үшін бөлімшеде 3-рейд жұмыстары ұйымдастырылып, нәтижесінде 86 000 тг қаражат өндіріліп отыр.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығына өзгеде қызмет түрлері бойынша 235 085 тг жоспарланып, 95 146 теңгенің жұмыстары атқарылды. Орындалуы 40 пайыз.

Қазалы аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының қызметкерлері және «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы ө.б. зертхана мамандары бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне және магистральды су құбырларына, су сақтау қоймаларымен су қыспақты мұнарасына көктемгі маусымға арналған кезекті жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Барлық су тарату бекеттеріндегі техникалық темір су құбырлары бойындағы орнатылған ашып-жабу реттегіш арматураларына және насос қондырғыларына күтім жасалды.

Байқожа елді-мекені №3 Майлыбас елді-мекені №4, Көбек елді-мекені №5 су көтеру-тарату бекеттерінің аула сыртындағы қоршаулары түзетіліп, әктеу жұмыстары жүргізіліп қалпына келтірілді. Сонымен қатар ғимарат ішіне жаңбыр қар сулары ағып тұрған жерлеріне қара қағаз төсеп, қара май құю жұмыстары жүргізілді.

Ішкі су құбырында орнатылған 203 дана көру құдығының 133-данасы, магистральды су құбыры бойындағы 64 дана көру құдығының 38 данасы лай қоқыстарынан тазартылып, су тарату нысандары аумақтарында орнатылған көру құдықтарының

беттері цемент растворомен сыланып, барлық 32-дана өрт сөндіру гидранттарына уақытылы күтім жасау жұмыстары жүргізілді.

Бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына (ППР) сәйкес насос станцияларының аула ішіндегі шөптерін шабу, күл-қоқыстан тазалау, қураған талдарын кесу және күл қоқыстардан тазарту жұмыстары жүргізілді.

2021 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша өндірістік бөлімше теңгеріміндегі барлық су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың жалпы саны-15. Магистральды су құбырында-6, ішкі су жүйелерінен-9 апаттық жағдай қалпына келтірілді. Ақаулар әсерінен су шығынының көлемі 275 м<sup>3</sup>.

Өндірістік бөлімшенің қолданысына берілген авто көліктердің қосалқы бөлшектеріне 46780,00 теңге қаражат жұмсалып ТО-1,ТО-2,ТО-3 техникалық күндері кестеге сәйкес,уақытылы жүргізілді.

Жанар-жағар май шығынын азайту мақсатында автокөліктердің шамадан тыс жүруі қатаң қадағалануда. Жоспарлы жөндеу жұмыстарына және орын алған ақауды қалпына келтіру жұмыстарына - 660 653,08 теңге жанар-жағар май жұмсалды.

Электро энергия бойынша энергия шығыны 2021 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша 235 572,00 кВт тұтынып,қаражат шығыны 4 618 668,37 теңгені құрап отыр .Сонымен қатар ғимарат ішіндегі және насос стансалары ауласында орнатылған жарықшамдарының ретсіз қосылмауы, ток көздері уақытылы ажыратылуы кезекші машинисттердің бақылауында.

Аға шебер, слесарь-жөндеушілер мен насос стансасы машинисттеріне қысқы және жазғы арнайы киімдері, аяқ киімдері, бас киімдері толығымен таратылып берілді. Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары мен орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіруге қажетті арнайы киімдермен және құралдармен жабдықталған.

### **Шығып сөйлегендер:**

С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп, атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>30</sup>дан-17<sup>30</sup>-ға дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**

**Хатшы:**



**С. Нурумбетов**

**А.Ұзақбай**

## ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

27 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2021 жылдың I-ші жарты жылдық қорытынды есебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
3. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
4. Ғ.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
5. С.Садыков – Жаңақорған кенті әкімі.
6. Қ.Сапарбаев - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
7. Н.Ақбергенов - Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Ғ.Өмірбеков – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. Хатшы- М.Қалтай инженер-технолог.

Тұрғындар: Амангелді көшесі тұрғыны Н.Сулейменов ,Қожанов көшесінің тұрғыны С.Ибрагимов. Төменарық -1 е/м тұрғыны А.Ахимов.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1.Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың I-ші жарты жылдықтағы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

( Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

«Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде **11**-насос станциясы, **10** дана техника, **8** дана су мұнарасы, **59,85** шақырым магистралды су құбырлары, **350 216** шақырым ішкі су тарату құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. Бөлімше Жаңақорған кенті және **7** елді мекен бойынша **4 605** үйде тұратын **21 814** адамға, **46** бюджеттік және **64** заңды мекемелерге **84** жұмысшы қызметкер ауыз су тарату қызметін көрсетеді.



**2021 жылдың I-ші жарты жылдық бойынша «Жиделі топтық су құбырынан» 604 929 текше метр су қабылданып 338,8 текше метр су таратылды.**

**1. Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырларының және насос станцияларын, су тарту жүйелерінің техникалық жағдайы туралы мәліметтер. Барлық ұнғымалардың техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтыны, нақты бар-жоқ екені туралы толық мәлімет.**

Жалпы **2021** жылы I-ші жарты жылдығындағы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар: Жаңақорған кентіндегі №1 және №2 «Құмсахаба» насос станцияларындағы насос қондырғылары жаңартылып кентке су беру көлемін ұлғайту жұмыстары атқарылды. Барлық насос станциялары бойынша ашып-жаппа арматураларына өрт гидранттарына ревизия жұмыстары жүргізілді. Насос станциялардың сыртқы ішкі қабырғаларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп сыртқы темір есіктерін және өрт қалқандары сырлау жұмыстары жүргізілді. Кент ішілік су жүйесінде жүргізілген сервис су құбырларының құрылысы бойынша қазіргі таңда жұмыс аяқталып тұрған көшелер: Қорасан ата, Алдамжар, Қожанов, Жаппаров, Құрманғазы, Амангелді Иманов, Қорғантоғай, Түйменұлы, Махамбет, Бидаш, М.Көкенов, Нақипов, Ордакент, Байкенжеев, Мадиев, Байдүйсен, Аблахов көшелері. Ескі су жүйесінен су пайдаланатын көшелер атап айтқанда М.Көкенов, Нақипов, Махамбет, Алтынсарин, Қорған көшелеріндегі тұтынушылар ескі су жүйесінен ажыратылып жаңа су жүйесіне қосылды. Еңбек және Екпінді елді мекендеріндегі насос станциясының жарамсыз бетон қоршаулары ауыстырылды. Еңбек, Екпінді елді мекендеріне су алу уақытын ұзарту мақсатында магистралды су құбыры бойына насос қондырғысын орнату жұмыстары атқарылды. . 2021 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша апаттық жағдайдың саны – **112**, оның ішінде **96** кент ішілік су жүйесінде, **11** елді мекендерде, **5** магистралды су жүйесінде орын алған. Апаттық жағдайлардың орын алу себебі: ПЭ су құбырларының жалғанған жерлерінің ажырауы; ескі шойын су құбырларының шіруі; Сунақата, Қожамберді, Сүттіқұдық, Төменарық елді мекендеріндегі ішкі су жүйесіндегі ПВХ су құбырларындағы чиканкіленген жерлерінің жарамсыздануы; ескі су жүйесіне қосылған жеке желілердің тозуы себебінен орын алуда.

**1.** Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі мәрте су жүйесін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Одан бөлек аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады. Тексеріс барысында бактералогиялық анализден мемлекеттік стандартқа сай келмеу анықталған жағдайда арнайы комиссия құрылып жоспардан тыс дизенфекциялау жұмыстары жүргізіліп су сынамасы қайта алынады. Алайда осы күнге дейін ондай жағдайлар орын алған жоқ.

**2.** Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары алдын ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілуде. Қазіргі таңда электр энергиясын үнемдеу мақсатында №1 және №2 «Құмсахаба» насос станцияларындағы 5 дана электр қозғалтқышына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтылды. Кент орталығындағы №1 №2 насос станцияларындағы жартылай және №8, №9, №11 насос станцияларындағы

толықтай сыртқы шамдары светодиодты шамдармен қамтамасыз етілді. Алдағы уақытта барлық насос станциялары және әкімшілік ғимаратының сыртқы жарық шамдарын 100 Вт светодиодты шамдар және барлық насос станциясындағы электр қозғалтқыштарына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтамасыз етуді қажет етеді.

**Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылғын және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.**

**Сөз алғандар:**

- **Амангелді көшесі тұрғыны Н. Сулейменов.** Жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.
- **Ғ. Шерниязов** – Жаз мезгілінде су қысымы аз болу себебі кент ішінде аяқ су мәселесі шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суарады сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.
- **Қожанов көшесі №38 С. Ибрагимов.** Кент ішіндегі ескі шойын су құбырларын уақытылы жабу және орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіруді, сонымен қатар қолданыстағы су құбырының хлорлау жұмысын күшейту жайлы айтты

**Қ. Сапарбаев** - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айта кетті. Өндірістік бөлімшенің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда деп сөзін аяқтады.

**Қорытынды:**

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына «**жақсы**» деген баға беріледі. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup> нан-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**



**С. Нурумбетов**

**Хатшы:**



**М. Қалтай**

**«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар алдында 2021 жылдың I-ші жарты жылдық атқарылған қызметтерге кезекті есеп беру жиналысының**

**Хаттамасы**

**Жосалы кенті**

**26 шілде 2021 жыл**

**Жиналыс төрағасы:** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

**Қатысқандар:**

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы Ж.Балмағанбетов
2. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы. Ж. Сейтпенбетова
3. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
4. Өндірістік бөлімше бастығы Ә. Қаршыға
5. Өндірістік бөлімше басшысының орынбасары С.Қабақов
6. Өндірістік бөлімше ЕҚ инженері А. Аусинбаев
7. Өндірістік бөлімше аға шебері Б.Абишев, шебер Б. Нұрғалиев
8. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімше қызметін пайдаланатын тұтынушылар және көше комитеттері.

**Жиналыс төрағасы С.Нурумбетов** «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдықта атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше бастығы Қаршыға Әділетке беріледі.

**Өндірістік бөлімше бастығы Ә. Қаршыға:** «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі 2005 құрылып, қазіргі таңда 93 қызметкер жұмыс жасайды, 10 дана техника,

III- Интернационал елді мекенінде 5 ұңғыма, 9 насос станция, 4 елді мекен және 1 кент бойынша 4794 абонентке, 56 бюджеттік және 112 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

III- Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұңғымадан су өндіріліп, III- Интернационал елді мекенінде 472 абонент, Дүр Оңғар елді мекенінде 410 абонент, Иіркөл елді мекенінде 110 абонент, Төребай би елді мекенінде 88 абонент және аудан орталығы Жосалы кентінде 3714 абонентке барлығы- 4794 абонентке тұрақты түрде таза ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарады.

«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесімен 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында заңды және жеке тұлға тұтынушыларға – 353,7 м<sup>3</sup> су таратылды.

Өндірістік бөлімше бойынша жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша III- Интернационал II- су көтеру насос станциясына 1 дана К100-65-200, Иіркөл III- су көтеру насос станциясына 2 дана К100-65-200 және Жосалы кенті №4 насос станциясына 1 дана К100-65-250 насос агрегаттары жаздық маусымға дайындық аясында ауыстырылып орнатылды.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жүйесінің бойында орналасқан тозығы жеткен, қираған көру құдық бет плиталары қолдан құйылып, ауыстырылып орнатылды.

III- Интернационал елді мекенінің тұрғындарын тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ЭКМ (электрoкoнтaктный мaнoмeтp) кoндырғысы орнатылды.

2021 жылдың сәуір айында жоспарлы түрде барлық су қоймаларына, магистралды су құбырымен ішкі су жүйесіне жуу- шаю залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Халықтың санитариялық- эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын «Ұлттық сараптама орталығы » РМК Қармақшы аудандық бөлімшесімен келісім шарт жасалып, ауыз су сапасына өндірістік бақылау жүйелі түрде жүргізілуде.

### **Жосалы кент тұрғыны, көше комитеті П.Өтепова:**

Жаңадан ашылған Тәуелсіздік ықшам ауданының тұрғындары жеке үй құрылысын салу үшін берілген жерлеріне ауыз су тартып беруге өтініш білдіруде.

**Ә. Қаршыға:** Жаңадан ашылған Тәуелсіздік ықшам ауданына су құбыры жүргізілмеген, ол көшелерге аудан әкімшілігі тарапынан жоба жасалуы тиіс. Су құбыры болмағандықтан ауыз су тартуға мүмкіншілік жоқ.


Жиналыс төрағасы : С.Нурумбетов «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығының 2021 жылдың І-ші жарты жылдық атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, жиналысқа жиналған қауым атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берді. Жиналыс осымен жабық деп жариялансын.

Жиналыс төрағасы :



С.Нурумбетов

Хатшы:



С. Қазбек

# Х А Т Т А М А

**Төретам кенті**

**26 шілде 2021 жыл.**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың І-ші жарты жылдық нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

## **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Басбаев - Өндірістік бөлімше басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
5. Д.Шакеева - Төретам кенті әкімінің орынбасары.
6. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
7. Д.Итигулов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы
8. Ш.Анарбеков - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. А.Даулетбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.

10. Г.Телжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі

Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғыны С.Аралбаев, Қ.Кимбаев, М.Итигулов және Ақай ауылының тұрғындары М.Құлжан, Н.Шакенов және тағыда басқада кент тұрғандары.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың жарты жылдығында реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі. (Баяндамашы: Ж.Басбаев –бөлімше басшысы)

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті бөлімше басшысы Ж.Басбаев тындауды ашты.

Ж.Басбаев күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың 1-қаңтарынан 30 маусымға дейінгі кезеңіндегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады. «Төретам кенті және Ақай ауылдық округін ОСЖЖП» өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі таңда **24** қызметкер-жұмысшылар жұмыс жасайды, **5** техника, **2** насос станциясы жалпы **2874** абонентке оған қоса **18** бюджеттік мекеме және **81** өзге мекемелерге 24 сағат ауыз су тарату қызметін көрсетеді. Атап айтар болсақ, Төретам кенті бойынша **1725** абонент, халық саны – **11780** адам, Ақай елді мекені бойынша **1190** абонент, халық саны – **5500** адамды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарып келеміз. ГУП ПО «Горводоканал» мекемесінен ауыз суды 163,27 теңгеден беріледі. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде филиалдың суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф ҚҚС-мен - 377,5 теңге болып бекітілген, ал жеке абоненттер 30,40 теңгеден төлейді. Жалпы 2021 жылы жоспар бойынша берілетін судың көлемі **450 000 м<sup>3</sup>** болатын. 6 ай көлемінде Төретам кенті және Ақай ауылдық округі бойынша абоненттерге таратылған ауыз су көлемі **221 291 м<sup>3</sup>** болып, таратылған ауыз судың қаражаты толықтай жиналды. 14,6 пайыз

Алдын ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша бекітілген жоспарға сәйкес барлық жұмыстар орындалды. Өндірістік қажеттілікке байланысты шикізат материалдар, қосалқы бөлшектер және жанар-жағар май жұмсалды. Алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша Төретам кентінің Омаров, Түктібаев, Молдағұлова, Байсейітова, Мұқанов, Мұратбаев көшелерінің бойындағы су құбырларының 11 дана ашып-жабу арматуралары (задвижка), Төретам кентінің 5 көшесіндегі және

Ақай ауылының 6 көшесінің бойындағы көру құдықтарының 14 темір бөлігі (фасонный часть) ауыстырылды. 118 көру құдықтары тазартылып, 28 дана көру құдығына листпен қақпақтар орнатылды. Жыл бойына орын алған апаттық жағдайлар қалпына келтірілді.

Төретама кенті көшелеріне жөндеу жұмыстары жүріп асфальт төселуіне байланысты Түктібаев, Молдағұлова және Қорқыт ата көшелеріне су құбыры филиал тарапынан қайта жүргізілді. Себебі, аталған көшелерде су құбыры бойында көру құдықтары жоқ және абоненттерді жер астынан темір үштік (тройниктер) арқылы жалғап кеткен. Жер астындағы жалғаулар тозығы жетіп тұруына байланысты және апатты жағдай орын алса төселген асфальтты жараламау үшін су құбырын қайта жүргізіп, көру құдықтар орнатып, абоненттерді көру құдық ішіндегі фасон бөлігіне жалғап отырдық. Нақтылап айтсақ, Түктібаев көшесіне ұзындығы 470метр д-50мм полиэтилен су құбыры жүргізілді, 6 дана көру құдық орнатылды. Молдағұлова көшесіне 160метр д-50мм ПЭ су құбыры жүргізіліп, 3 дана көру құдық және Қорқыт ата көшесіне 240метр д-50мм ПЭ су құбыры жүргізіліп, 6 дана көру құдық орнатылып, қазіргі таңда барлығы қолданысқа беріліп, тұтынушылар толықтай қамтамасыз етілді. Осы орайда айта кететін тағы бір мәселе Қорқыт ата көшесі су құбыры таяз жүргізілуіне байланысты қыс айларында қатып қалып, тұтынушылардан шағым түскен болатын. Қазіргі жүргізілген су құбыры тиісті қату тереңдігіне сәйкестендіріліп жүргізілді.

Бөлімшеге қарасты техникаларға ТО-1, ТО-2 күтімдері уақыты жасалып, жұмысшылар да арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта жоспарға қойылған жұмыстар көше бойындағы көру құдықтарына зауыттық қақпақтар мен листпен қақпақ жасап қымтап жабу көзделіп отыр. Көше бойындағы көру құдықтарының темір-бетонды қақпақтарын жер деңгейінен көтеру, тазарту жұмыстары әлі күнге дейін жалғасуда. Төретама және Ақай елді мекені насос станциялары көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша талдар мен гүлдер егіліп, ғимараттар әктеліп, ауланың шөптері шабылып жалпы тазалық жұмыстары жүргізілуде. Көктем айларында Төретама кенті насос станция ауласындағы көлемі 1000 м<sup>3</sup> су сақтау қоймасын және Ақай елді мекені насос станциясы ауласындағы көлемі 500м<sup>3</sup> су сақтау қоймасы мен 50 м<sup>3</sup> су мұнарасын жуу-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты Насос станцияның барлық ғимараттарына дезинфекция жұмыстары жүргізіліп, тиісті қызметкерлерге қорғаныс құралдары таратылды.

2021 жылға жоспарға қойылған Төретама кенті Молдағұлова, Түктібаев, Қорқыт ата көшелерінің су құбырын қазып қайта жүргізіп, көру құдықтарын орнатып, абоненттерді қайта қосу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстардың барлығы филиалдың өз қаражаты арқылы жүзеге асып, алдағы уақытта Ақай ауылы Сәтбаев көшесін жоспарға қойып отырмыз.



Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылар жаздық-қыстық арнаулы киімдерімен қамтамасыз етілді.

**Шығып сөйлегендер:**

Төретама кенті ақсақалдар алқасының төрағасы С.Аралбаев: - Бүгінгі өндірістік бөлімше басшысы Ж.Басбаевтың жарты жылдық есебіне «өте жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумақтарын көргенде шүкіршілік дейміз. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апаттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалысыз, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілеймізкөп. Рахмет!


Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

**Қорытынды.**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармакшы ауданы Төретама кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «өте жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**



**С.Нурумбетов**

**Хатшы:**



**Г.Телжанова**

## ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Жалағаш кенті

28 шілде 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Жалағаш ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. М.Елеусинов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік – жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжигитов
5. Ғ.Телібаев – Жалағаш кентінің әкімі.
6. Г.Дандибаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
7. М.Қалиев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
8. Т.Жалғасов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. Хатшы – А.Омарова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Жалағаш кентінің тұрғындары А.Ермаханов, Е.Байнязов, Е.Қосжанов, А.Дүзелбаева және тағы басқалар.

## Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жартыжылдық есебі. (Баяндамашы – М.Елеусинов– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тындаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары С.Нурумбетов тындауды ашты.

М.Елеусинов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың I-жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

## Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер

**М.Елеусинов** - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы.

Қазіргі таңда, бөлімше тарапынан атқарылған жұмыстар нәтижесінде, аудан бойынша ауыз су тұтынушыларына 24 сағат үздіксіз су берілуде.

«Жалағаш өндірістік бөлімшесі» арқылы 2021 жылдың I-ші жарты жылдығында жалпы өндірілген су көлемі **544 407 м3**, таратылған су көлемі **465,132 м3** құрап отыр. Дегенмен, өндірген ауыз судың нормадан шамадан тыс асуы, аяқ су мәселесінің тапшылығынан, жаз айларында болып отыр. Жаз айларында ауыз су пайдалану көлемі 2-3 есеге артады.

Сол себептен, құрметті аудан тұрғындары, ауыз су жүйесін үнемдеп пайдалану мақсатында құрылыс жұмыстары мен бау бақша жұмыстарына пайдалану болмайтындығын, тек тұрмыстық мақсатқа пайдалану қажеттілігін естеріңізге саламын.

Қазіргі таңда, Жалағаш ауданы бойынша ауыз су тұтынушыларының көпшілігі есептегіш құралысыз ауыз су пайдалануда. Су есептегіш құралы болмағандықтан ауыз суды есепсіз пайдалану фактілері жиі орын алууда.

Атқарылған жұмыстар бойынша, өндірістік бөлімше тарапынан Жалағаш кенті бойынша үздіксіз ауыз су тарату үшін тиісті жұмыстар бойынша, былтырғы 6 айлықта 170 041 мың теңгеге игерілген болса, биылғы жылға 119 % ға артық орындалып отыр.

2020 жылдың қорытынды есебіндегі атқарылуы тиіс жөндеу жұмыстарының жоспары бойынша, орталықтан қоймадан 610 000 мың теңгенің материалдары бөлініп, «Орталық» насос стансасындағы II-су тарату насос стансасын шатырлау және I-су көтеру ұңғыма насос ғимараттарының төбесін руберойдпен жабу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда, кіре-беріс пунктін (КПП) шатырлау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта, хлораторная мен трансформаторлық ғимаратты шатырлау жұмыстары атқарылатын болады.

Жыл басынан 6 айлық есепте ЭЦВ 8-25-100-2 дана, ЭЦВ 6-16-75-1 дана, ЭЦВ 6-6,5-85-2 дана насостары бөлінді. Аламесек елді мекеніне 2 дана ЭЦВ 8-

25-100, Д.Жалтынов елді мекеніне 2 дана ЭЦВ 6-6,5-85, Еңбек елді мекеніне ЭЦВ 6-16-75 1 дана насостары орнатылды.

2021 жылдң І-ші жарты жылдық күрделі жөндеу жұмыстары бойынша d-100мм-лік 4 дана, d-80мм-лік 1 дана ашып-жабу реттегіш арматуралы және d-100мм-лік қайтарма клапаны орталықтан бөлінді. 1 дана d-100мм-лік ашып жабу реттегіш арматурасы «Орталық» насос стансасына, 1 дана d-80мм және 1 дана d-100мм-лік ашып жабу реттегіш арматуралары Еңбек, 1 дана d-100мм-лік ашып жабу реттегіш арматурасы Бұқарбай батыр елді мекенінің насос стансаларына орнатылды.

### **Шығып сөйлегендер:**

С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

2021 жылдың І-ші жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігін айта келе табыс тіледі.

### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың І-ші жарты жылдығындағы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 14<sup>00</sup>ден-16<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

**С.Нурумбетов**

**Хатшы:**

**А.Омарова**